

**Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 18/209 "2018 - 2020 жылдарға арналған Рахат ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 21/269 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 маусымда № 3668 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына және Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2018 жылғы 1 маусымдағы № 20/251 "Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17/198 "2018 - 2020 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3633 болып тіркелген) сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 18/209 "2018 - 2020 жылдарға арналған Рахат ауылының бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3514 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесі мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2018 - 2020 жылдарға арналған Рахат ауылының бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 516 738 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 54 001 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 839 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 461 898 мың теңге;

2) шығындар - 516 738 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;  
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 теңге;  
қарыздар түсімі - 0 теңге;  
қарыздарды өтеу - 0 теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. 2018 жылғы Рахат ауылының бюджетіне қалалық бюджеттен 461 898 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені ескерілсін."

Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының әлеуметтік - экономикалық даму, бюджет, құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылығы, көлік және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Е.Өтеев).

3. "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А.Ермұханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, қалалық мәслихат хатшысы*

*С. Мыңбай*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жаңаөзен қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы

А. Манасбаева \_\_\_\_\_

14 маусым 2018 жыл

Рахат ауылының әкімі

Б.Нұржауов \_\_\_\_\_

14 маусым 2018 жыл

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2018  
жылғы

14 маусымдағы № 21/269 шешіміне  
қосымша

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2017  
жылғы

27 желтоқсандағы № 18/209 шешіміне  
1 қосымша

**2018 жылға арналған Рахат ауылының бюджеті**

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
<b>1</b>		<b>2</b>	<b>3</b>
		1. Кірістер	516 738
1		Салықтық түсімдер	54 001
	01	Табыс салығы	21 000
	2	Жеке табыс салығы	21 000
	04	Меншікке салынатын салықтар	33 001
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1 351
	3	Жер салығы	1 150
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	30 500
2		Салықтық емес түсімдер	839
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	839
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	839
4		Трансферттердің түсімдері	461 898
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	461 898
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	461 898
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бюджеттік бағдарлама			
<b>1</b>		<b>2</b>	<b>3</b>
		2. Шығындар	516 738
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	50 977
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	50 977
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	50 977
04		Білім беру	389 309
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	389 309
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	389 309
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	7 456
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 456

	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	7 456
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	68 624
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	68 624
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	68 624
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	372
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	372
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	372
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0